

1 ТАРАУ

ӘРТҮРЛІ КЕЗЕНДЕРДЕГІ ҚЫЗДАР АҒЗАСЫНЫҢ ЖӘНЕ РЕПРОДУКТИВТІК ЖҮЙЕСІНІҢ КЛИНИКАЛЫҚ-ФИЗИОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

РЖ қалыптасу үрдісіндегі анатомиялық-функционалдық ерекшеліктеріне байланысты, қыз балалардың өмірін келесідей кезеңдерге бөлуге болады:

- 1) **Құрсақтық**, бала біткен кезден бастап туылғанға дейінгі уақыт.
- 2) **Жаңадан туылған кезең**, ұзақтығы 4 апта.
- 3) **Балалық кез (нейтралды)**, 7 жасқа дейін жалғасады.
- 4) **Жыныстық даму кезеңі**, 7 жастан басталып, 18 жасында аяқталады.

Жыныстық даму кезеңі үш фазаға бөлінеді: препубертаттық (пресексуалды), пубертаттық (жасөспірімдік) және балғын жастық (бойжеткен). Препубертаттық фаза 7 жастан бастап алғашқы етеккір келген уақытқа дейін созылады. Жыныстық дамудың екінші фазасы (пубертаттық) алғашқы етеккір келген кезден бастап 14 жасқа дейін созылады (14 жас кіреді). Жыныстық дамудың үшінші фазасы – балғын жастық кез 15 жастан бастап 17 жаспен аяқталады.

Құрсақтық кезең барлық мүшелер мен жүйелердің, соның ішінде РЖ қалыптасуы және дамуымен сипатталады. Ұрықтың жыныс мүшелерінің дамуы гонадалардан басталады. Аналық гонадалардың түзілуі, яғни аналық бездердің қалыптасуы құрсақтық дамудың 3-4 аптасында басталады. Ішкі жыныс мүшелері (жатыр тұтқишесі, жатыр мойны, денесі және қынаптың үстіңгі үштен бір бөлігі) 5-6 аптадан бастап қалыптасады және құрсақтық дамудың 18-20 аптасына қарай

аяқталады. Сыртқы жыныс мүшелері эмбрионалдық дамудың 6-7 аптасында қалыптасады. Балалық кездес аналық без жәнс жатыр баяу ұлғайып, 3-4 жасында кіші жамбасқа түседі, жатыр түтікшелері аздал өзгереді, сыртқы жыныс мүшелері қалыптасқан, бірақ жыныстық түктену болмайды. 4 жаста қыз баланың дене салмағы мен бойы күрт өседі, РЖ бөлімдері белсенді күйге көше бастайды: гипоталамуста аз мөлшерде гонадолиберин пайда болады, кортизол, гонадотропин, 17-ОП, ДЭА, АКТГ, СТГ концентрациясы аздал өсіп, тестостерон концентрациясы төмендейді. Бұл кезеңде адено-гипофиз бен аналық жыныс бездерінің морфологиялық дамуы аяқталады. Жоғарыда айтылғандарды қорытындылаған кезде, көбеюді қамтамасыз ететін РЖ балалық кезеңде қалыптасқан, бірақ дамымаған, сондықтан қызмет атқармайды. Бұл кезең, нақтырақ айтсақ 4-7 жас аралығындағы қыз балаларда ауыспалы қызын кезең болып табылады. Эр түрлі инфекциялар, интоксикациялар мен күйзеліс өсерінен пайда болатын церебралдық патологиялар клиникалық түрліде РЖ қызметінің іске қосылуымен айқындалатын мезгілден бұрын жыныстық жетілуге өкелуі мүмкін.

Пубертатта қайтадан дене салмағының күрт өсуі, ары қарай РЖ белсене дамуы байқалады. Бұл кезең эстрадиол концентрациясының жоғарылауымен, бүйрекүсті, қалқанша бездерінің қызметінің белсенділігімен, екіншілік жыныстық белгілердің пайда болуымен, дене бітімінің феминизациясы және әйел жамбасының қалыптасуымен ерекшеленеді. 10-13 жаста тәуліктік цикл орнай бастайды және гонадолиберин бөлінуі ұлғаяды оның салдарынан аналық жыныс бездерінің қызметін ынталандыратын гонадотропиндердің секрециясы артады, нәтижесінде аналық бездерде фолликулдар өседі және эстрогендер синтезделеді, олар өз кезегінде жыныс мүшелерінің дамуын күштейтеді. Жасөспірімдік кезеңде (10-13 жас) екіншілік жыныстық белгілер пайда болады. Мұнда олардың пайда болу кезегі менаталған жыныстық белгілердің

айқындылық дәрежесі де, өте маңызды болып табылады. Басында сүт бездері ұлғаяды (телархе), одан кейін қасағатүктенуі (пубархе), содан кейін – қолтық асты түктеп пайда болады да, бұл кезең алғашқы етеккір келуімен аяқталады (менархе) 11-13 жас. Жыныстық дамудың бірінші фазасының соны алғашқы етеккір келуімен сәйкес келеді.

Жасөспірімдік кезеңде гонадолиберин секрециясының цирхоральдік ыргағы орнайды, гонадотропин бөлінуінің циклдік сипаты қалыптасады, ЛГ және ФСГ үлкен мөлшерде бөлінуі (овуляторлы) байқалады, аналық бездер мен жатырда циклдік үрдістер туындаиды, екіншілік жыныстық белгілердің дамуы аяқталады, өсу баяулап, овуляторлық циклдар пайда болады. Балғын жастық шақ (жыныстық даму кезеңінің 3-фазасы) овуляторлы екі фазалық етеккір циклының пайда болуымен, жалпы соматикалық және жыныстық дамудың аяқталуымен, яғни әйел ағзасының үрпақ жалғастыруға анатомиялық және функционалдық түрғыда дайын болуымен аяқталады. Бұл кезеңде қыз баланың интеллектісі және моральдік бейнесінің айтарлықтай дамуы байқалады. Жыныстық жетілу кезеңінің басталу мерзіміне және ағымының ерекшеліктеріне түқым қуалаушылық, дене бітімі, денсаулық жағдайы, климат, тамақтану, тіпті дене салмағы сияқты факторлар әсер етеді.

Алғашқы етеккір дене салмағы 47-48 кг болғанда, май қабаты жалпы дене салмағының 22% құрағанда келетіні анықталған. Балғын жастық шақ овуляторлық циклге өту кезіндегі РЖ қызметінде нақты рөл атқаратын пролактин концентрациясының үлгаюымен, глюокортикоидтармен гестагендер синтезінің бастамасы болып табылатын 17-ОП денғейінің жоғарылауымен сипатталады. Жоғарыда айтып өткеніміздей қыз балалардың ағзасы РЖ даму үрдісінде физикалық, жыныстық даму, эндокриндік статус ерекшеліктерімен сипатталатын ауыспалы қын кезеңдермен ерекшеленеді: бұл 4 жас, 7 жас, алғашқы етеккір келу жасы,

14 және 17 жас. Аталған ауыспалы қызын кезеңдер келешекте репродуктивтік денсаулығына және гинекологиялық, эндокриндік патологияның даму мүмкіндігін анықтайды, бұл болашақ әйел мен анада аурудың алдын алу үшін диспансерлік бақылауды қажет етеді. Диспансерлік бақылау топтарына балалар мен жасөспірімдік жастағы келесі қыз балалар енгізілуі қажет:

1 топ – физикалық дамуы мен жыныстық жетілудінде бұзылыстары бар

2 топ – гинекологиялық аурулары бар

3 топ – созылмалы экстрагениталды, эндокриндік патологиялары бар.

Диспансерлік бақылау соматикалық және репродуктивтік денсаулығындағы бұзылыстардың диагностикасын, емдеу және сауықтыру шараларын, науқастардың диспансерлік тобының емдеу және сауықтыру тиімділігін бағалауды, созылмалы жүқпә ошақтарын заарсыздандыруын, сондай-ақ РЖ қызметінің бұзылыстары мен мүмкін болатын асқынұларының алдын алуын қарастырады.